



№1 Ішкі аурулар кафедрасы

Мамандық: 7R011104 «Гастроэнтерология ересектер, балалар»

Оқу ұзақтығы: 2 жыл

Квалификация: Дәрігер гастроэнтеролог(ересектер),

Дәрігер гастроэнтеролог(балалар)

**2014 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін № 1 ішкі аурулар кафедрасы
Батыс Қазақстанның барлық аймақтарына 60-тан астам дәрігер
гастроэнтерологтарды практикалық денсаулық сақтау саласына
дайындалып шығарылды.**

Кафедраның кадрлық потенциалы



№1 Ішкі аурулар кафедрасында жұмыс жасайды:

4 профессор;

2 доцент,

7 ассистент, 2 офис-менеджер.

Ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер 45 %. Жоғары біліктілік санатына ие 85%.



Клиникалық базалар



№1 Ішкі аурулар кафедрасы Ақтөбе медициналық орталығы (Aktobe medical center) базасында орналасқан. АМО-да заманауи медициналық құрылғылармен жабдықталған, жоғары білікті мамандары және медицина саласындағы озық технологиялары бар облыстың ең ірі ауруханаларының бірі.

Консультативті-диагностикалық орталық (КДО). Гепатологиялық орталық.

Көпсалалы облыстық балалар ауруханасы.

М.Оспанов атындағы БҚМУ-нің Медициналық орталығы



Білім беру қызметі



Резидентураның білім беру бағдарламасы:

- базалық және бейіндік пәндерді оқытуды қамтитын теориялық оқыту: (дәрістер, теориялық оқыту семинарлар, клиникалық және теориялық талдаулар, шағын топтарда жұмыс, пікірталастар; клиникалық оқыту стационарда пациенттерді курациялау, амбулаториялық жағдайда пациенттерді қабылдау, баяндамамен түнгі кезекшілік, ауыр пациенттерді қарауға қатысу және консилиумдар);
- әр пәннің аяқталуы бойынша қорытынды бақылау;
- бір академиялық кезең аяқталғаннан кейін аралық аттестаттау (келесі оқу жылына ауыстырумен жартыжылдық, жылдық қорытынды);
- резидентураның соңында мамандық бойынша қорытынды мемлекеттік аттестаттау.



Ғылыми-зерттеу жұмысы



Резиденттер кафедраның ғылыми зерттеу жұмысына тартылады, халықаралық ғылыми конференцияларға баяндамамен қатысып, мақалалар мен тезистер жариялайды. №1 ішкі аурулар кафедрасының қызметкерлері Thomson Reuters, Scopus, РИНЦ жетекші мамандандырылған журналдарының дерекқорларында және ТМД, Қазақстан, Ресей журналдарында жарияланады

